

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы «Қаратау құрылыс - техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы

№ 5

Қаратау қаласы

« 31 » қазан 2019 жыл

Қатысқандар:

- | | |
|-----------------|--|
| Жолдасов Қ.Б. | - колледж түлегі, «Талас жолдары» ЖШС басшысы |
| Төлебаев А.Т. | - колледж түлегі, аудандық мәслихаттың хатшысы (жұмыс бабымен) |
| Омаров Қ.К. | - «Казфосфат» ЖШС Шолақтау ТКӨК басшысы |
| Сейдалиев Р.М. | - «Игілік» көпсалалы кәсіпорынның директоры |
| Токмырзаев Ғ.Е. | - Талас ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы |
| Изенбаев М.К. | - «Бином» ЖШС бас инженері |

Қатыспағандар:

- | | |
|-----------------|---|
| Сембин Б.Ж. | - ата-аналар комитетінің мүшесі (басқа қалада) |
| Естенбаева А.Т. | - ата-аналар комитетінің мүшесі (жұмыс бабымен) |
| Қартабаев Ғ.Т. | - «Нұр Отан» партиясы Талас аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары (жұмыс бабымен) |

Шақырылғандар:

- | | |
|-----------------|-----------------------------------|
| Маселбеков Д.М. | - колледж директоры |
| Қожамбаева И.Р. | - колледж директорының орынбасары |

КҮН ТӘРТІБІ

1. Қамқоршылық кеңесінің 2018-2019 оқу жылында атқарылған жұмыстарының қорытындысы
2. Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамын бекіту
3. Білімгерлер арасында құқықтық тәртіп бұзушылықтың алдын алу бойынша қабылданған іс-шараларды іске асыруда кәмелеттік жасқа

толмаған жасөспірімдер ісі жөніндегі ТАІБ ЮП инспекторы
Ж.Көпжасаровтың есебі.

Бірінші мәселе бойынша

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Қ. Жолдасов

Қ. Жолдасов, кеңес төрағасы - өз сөзінде, 2018-2019 оқу жылы
камқоршылық кеңестің үш тұрақты жұмысшы тобын құрылып, өз бағыттары
бойынша жұмыстар жүргізді.

Бірінші бағыт: материалдық-техникалық базасын нығайту және қаржылық
талдау

Екінші талдау: студенттердің оқу-өндірістік іс-тәжірибелері және
түлектердің жұмыспен қамтылуы, кәсіпорындармен
байланысы

Үшінші бағыт: студенттердің әлеуметтік қамтылуы және тәрбие жұмысы

Білімгерлердің іс-тәжірибелерінің сапалы отуіне мекемелермен
байланыс орнатылып, білімгерлер заманауи тұрғыдан теориямен практиканы
ұштастыра алуына ықпал етті. Түлектердің кәсіби шеберліктерін
қалыптастыруда бірнеше мекемелермен тығыз байланыс орнатылып,
сонымен қатар, алдын-ала жұмыспен қамтуда да жұмыстар жоспарлы жолға
қойылған.

Тәрбие жұмысы бойынша кеңес отырысына кәмелеттік жасқа
толмаған жасөспірімдер ісі жөніндегі аға инспекторы, аға лейтенет Н.Бірлік
шақырылып, есебі тыңдалды. Білімгерлердің арасында құқықтық тәртіп
бұзушылықтың алдын алу бойынша қабылданған іс-шараларды іске
асыруда жүргізілген жұмыстары қанағаттанарлық деп табылды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жан-жақты талқылай келе бірауыздан
төмендегідей шешім қабылдады.

ШЕШІМІ:

1. Қамқоршылық кеңестің 2018-2019 оқу жылындағы жұмыстары
қанағаттанарлық деп есептелсін.

Екінші мәселе бойынша

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Д.Маселбеков, И.Кожамбаева

Д.Маселбеков, колледж директоры - «Білім беру ұйымдарында
камқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің
үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2017
жылғы 27 шілдеде № 355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 02.04.2018ж.
№123 бұйрығына сәйкес камқоршылық кеңестің хатшысы білім беру
қызметкерлері арасынан тағайындалатынын айта келе, бұрынғы хатшы
А.Примованан орнына директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
И.Қожамбаеваға жүктеуді ұсынды.

И.Кожамбаева, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – ата-
аналар комитетінің мүшесі ретінде 2018-2019 оқу жылында камқоршылық

кеңестің мүшесі болған Б.Сембинді мүшеліктен шығаруды және ата-ана Каулукулова Гулзира Садыковнаны мүшесі құрамына қосуды ұсынды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері ұсынылған үміткерлердің өмірбаянымен танысып, өзара талқылай келе бірауыздан төмендегідей шешім қабылдады.

ШЕШІМІ:

1. Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің қамқоршылық кеңесінің құрамына өзгерістер енгізілсін.
2. Б.Сембин кеңес мүшелігінен шығарылып, орнына Г.Каулукулованы тағайындау туралы Білім басқармасына ұсыныс берілсін
3. Кеңес хатшылығынан А.Примова шығарылып, хатшы болып И.Кожамбаеваны тағайындау туралы Білім басқармасына ұсыныс берілсін.

Үшінші мәселе бойынша

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Ж.Көпжасаров,

Ж.Көпжасаров, колледж инспекторы, Талас АПБ ЖПҚБ ЮПТ инспекторы, полиция капитаны – полиция бөлімінің профилактикалық тіркеуіндегі және колледжішілік тіркеудегі білімгерлермен жүргізілген, соның ішінде олардың мекен-жайы бойынша зерделеу жұмыстары жөнінде есеп берді. Сонымен қатар, түнгі беймезгіл уақытта кәмелетке толмағандар тарапынан құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатындағы жүргізілген рейдтік шараларға шолу жасады.

Қамқоршылық кеңес мүшелері ұсынылған үміткерлердің өмірбаянымен танысып, өзара талқылай келе бірауыздан төмендегідей шешім қабылдады.

ШЕШІМІ:

1. Колледж инспекторы Ж.Көпжасаровтың хабарламасы назарға алынсын.
2. Тәртіп бұзушылықтың алдын алу бойынша қабылданған іс-шаралардың орындалуын іске асыруда колледж әкімшілігімен байланыс күшейтілсін.

Комиссия төрағасы:

Мүшелері:

Комиссия хатшысы:


 Қ.Б. Жолдасов

 А.Т.Төлебаев

 М.К.Изенбаев

 Қ.К. Омаров

 Р.М. Сейдалиев

 Ғ.Е. Токмырзаев

 А.М. Примова